

Handwritten signature

VI Халықаралық конференция



ICBCB
2014 International Conference
Building Cultural Bridges



VI "Мәдениеттер тоғысындағы тіл,
әдебиет, аударма және журналистика
мәселелері" атты халықаралық
ғылыми-практикалық конференция

ТОМ-II VOLUME-II

www.sdu.edu.kz
April 24-26, 2014



TEM TOUR



sema

ZUGO



TURKISH
AIRLINES



Print World



Kariyqash Tourism

УДК 811. 152. 122: 821. 512.122

ББК 81.2 Каз: 83.3 (5 Каз)

М 35

СУЛЕЙМАН ДЕМИРЕЛЬ АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТТИҢ

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСІ ҰСЫНҒАН

Томның редакциялық алқасы:

Акгюль М., ауыл-шаруашылық ғылымдарының докторы, профессор;

Әмірғалиева С.Н., физика-математика ғылымдарының докторы, профессор

Сейтқұлов Н.А., педагогика ғылымдарының докторы, профессор;

Ысқақұлы Д., филология ғылымдарының докторы, профессор;

Ахметжанова З.Қ., филология ғылымдарының докторы, профессор;

Жеменей И., филология ғылымдарының докторы;

Гаипов Д.Э., педагогика ғылымдарының кандидаты,

Еркінбаев Ұ., филология ғылымдарының кандидаты,

Садықбеков Қ. филология ғылымдарының кандидаты,

Бурбекова С.Ж., филология ғылымдарының кандидаты,

Сыздықов Қ. педагогика ғылымдарының кандидаты

Техникалық редактор: Ташбаев А.Х.

Мәдениеттер тоғысындағы тіл, әдебиет аударма және журналистика мәселелері

Алматы., 2014– 581 б.

ISBN 9965-792-60-7

Сүлеймен Демирель университеті Филология және педагогика ғылымдары факультетінің «Мәдениеттер тоғысындағы тіл, әдебиет және аударма мәселелері» атты дәстүрлі конференция материалдарының кезекті жинағына қазіргі гуманитарлық ғылым мен білім саласындағы өзекті мәселелерді қамтыған мақалалар топтастырылған. Қай кезеңде де ғылым мен білімнің дамуы, белгілі бір деңгейде, халықтар арасындағы келісім мен мәдениеттер арасындағы рухани үйлесімділікке тікелей байланысты. Жинаққа белгілі отандық ғалымдармен қоса Қытай, Үндістан, Оңтүстік Корея, Канада, Түркия, Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан секілді алыс-жақын шетелдік ғалымдардың де ғылыми ізденістері, тұжырымдары кіргізілген.

Ғылыми жинақ жалпы ғылым сүйер қауымға, педагогтар мен ғылыми қызметкерлерге, докторанттар, магистранттар мен жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған.

ISBN 9965-792-60-7 © Сулейман Демирель атындағы университет, 2014

Құрметті қонақтар, Қадірменді әріптестер және сүйікті студенттер!

Осы жылы VI рет ұйымдастырылып отырған, дәстүрлі «Мәдениеттер тоғысында тіл, әдебиет, аударма және журналистика мәселелері» атты ғылыми- практикалық конференцияға қош келдіңіздер!

Адамзат - түрлі өзгешеліктердің соғыс өрті тұтануына алып келген, осының салдарынан қайғыдан қан жұттып, қаншама сұмдыққа жол ашқан XX ғасырды артқа тастап, жаңа XXI ғасырға да қадам жасады. Ендеше көкейде жүрген мын бір сұрақтармен санамызға қозғау салып, ой жүгіртіп көрелік:

- Адамдар және қоғамдар арасындағы өзгешеліктер шынымен де жаман нәрсе ме?

- Бұл өзгешеліктерді жедел түрде жойып, барлығын біркелкі ету мүмкін бе?

- Айырмашылықтарды жоюда ұстанатын негізгі тәсілдеріміз қалай болу керек?

Мұндай сұрақтарды одан әрмен қарай да көбейте беруімізге болады. Алайда бұл мәселелерді конференцияға қатысушы мамандарға қалдырып, өздеріңізге де жақсы таныс екі ұғымды назарларыңызға қайта ұсынғым келеді:

- Түсіністік және әркімді өз болмысымен қабылдай білу! Өмір сүру қаншалықты керемет болса, соншалықты қиын да! Үнемі мұны жеңілдету және көркем ету үшін ізденіс үстінде болуымыз керек. Адам – ешкімге ұқсамайтын дара жаратылыс иесі. Әркімнің басқаларынан түрлі жақтардан міндетті түрде айырмашылығы болады. Алайда осыншама әртүрлі бола тұрса да, үнемі бір қоғам ішінде бірлесіп өмір сүріп келген. Осы күні заманауи бірлестіктер мен дамыған мәдени ұжымдар мұндай өзгешеліктердің негізінен зор бір байлық екендігіне, әсіресе мәдени өзгешеліктеріміздің бірге өмір сүру, бірігіп әрекет жасау және қуанышымыз бен қайғымызды бөлісу секілді қабілеттерімізді жан-жақты жетілдіретіндігіне көзжеткізіп, өзара қарым-қатынасты осыған үйлестіруге тырысып бағуда. Адамзаттың ортақ тәжірибелері кейбір ақиқатты түбегейлі түсініп сезінуге жол ашты. Өзара мәдени, экономикалық, білім мен ғылым саласындағы, тіптен наным-сенім мен жыныстық өзгешеліктердің өзі әлемнің әр түкпірінде оқтын оқтын шиеленіскен мәселеге айналууда. Мұндай мәселелерді шешу үшін жанын салып жүргендер де, өкінішке орай мәселені одан әрі ұшықтырып, осы арқылы өз мүдделерін көздеуші кейбір ұйымдасқан топтар да баршылық. Дегенмен де мұндай өзгешеліктердің кейбірі адамзат қоғамының және заманауи бірлескен ұйымдардың пайда болуына себеп болды және олардың негізгі міндеті болып табылады. Сондықтан да бұларға бір мәселе деп қарамай «атқаруға тиісті міндетім» деп білгені жөн. Мәдени өзгешеліктерді немесе кеңірек ауқымда алар болсақ адамзат еркінен тыс пайда болған мұндай өзгешеліктерді байлық деп қабылдаған орынды. Өкінішке орай қоғамға жөн сілтеп алға сүйреуші, көзі қарақты, көкірегі ояу зиялы қауымның да өтпелі себептердің әсерінен бұл айырмашылықтарға деген 4 көзқарастары келеңсіз жағдайларға жол ашуда. Кейбір мәселелерді қате жорамалдап, өздеріне төнген қауіп ретінде санаудың нәтижесі радикалды саясат пен қозғалыстардың пайда болуына себеп болуда. Жоғары оқу орындарының қоғамдық, тіптен жергілікті мәдениеттен де биік тұратын, кең ауқымды ұжымдар екенін ескерер болсақ, көптеген мәселелердегі секілді бұл мәселенің де шешілуінде сіздерге артылар жүк пен міндеттердің маңызы жоғары болмақ. Жоғары оқу орындары көп мәдениетті, көп ұлтты және жан-жақты әмбебаптық сипатын сақтаған жағдайда ғана университет деген атқа лайық болмақ. Көптеген шет мемлекеттерден келген ғалымдар мен түрлі мәдениет пен ұлттардан құралған студенттердің басын қосып, адамзаттың ортақ мүддесіне жұмыс істету - жоғары оқу орындарының негізгі міндеттерінің бірі саналады. Осы міндеттерді жүзеге асыру жолында ғылым мен білімнің құдірет-күшінен сүйенеді. Міне, бүгінгі өткелі отырған ғылыми конференциямыз ғылым мен білімнің құдірет-күшінің айнасы болып, көздеген мақсатына жетуіне және бүкіл зиялы қауымға пайдалы болуына тілектестігімді білдіремін.

Сулейман Демирель атындағы университет ректоры
проф., доктор Месут Актюль

IV секция

**ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙДАҒЫ
АУДАРМАТАНУ
ҒЫЛЫМЫНЫҢ НЕГІЗГІ
ПРОБЛЕМАЛАРЫ**

IV section

**CONTEMPORARY TOPICAL
PROBLEMS OF
TRANSLATION STUDIES**

Қазақстандағы ішкі PR-қызметі

Назгүл Шыңғысова^а, Бердақ Байымбетов^ә

^аӘл-Фараби атындағы Қазақстан Ұлттық Университетінің профессоры, Әл-Фараби просп.,
71, Алматы, 050040, Қазақстан

^әСүлейман Демирел атындағы университетінің оқытушысы, Абылайхан көш., 1/1, Қаскелең,
014900, Қазақстан

Түйіндемe

Қазақстанда тәуелсіздіктен соң дамыған ІР саласы бүгінгі таңда нарықты экономика кезеңінде түрлі ұжымдар мен компаниялар ортасындағы бәсекіlestік себепті кеңнен қолдануда. Сонымен қатар, ұжым жұмысының түріне, көлеміне және әлеуметтік статустарына бола қоғаммен байланыс компаниялары түрлі аспектілері жағынан зерттенуде. Осы орайда компаниядағы ішкі PR-дың маңызы зор. Компанияның ішіндегі коммуникация өз деңгейінде болмаса, жұмыс өнімсіз, компанияның беделі төмен болады.

Мақалада ішкі коммуникацияның маңыздылығы ескере отырып, оның ұжымға тиімді болуы үшін компаниядағы қызметкерлерге болып жатқан маңызды мәселелердің барлығынан тұрақты ақпарат беру, қызметкерлерді компанияның күнделікті өміріне араластырып, барлық бөлімдегі қызметімен таныстыру, компанияның құндылығын сезіндіруге тигізер әсері сөз етіледі.

Кілтсөздер: Қазақстанда ІР, ішкі PR, қоғаммен байланыс, ішкі коммуникация

Қазақстанда қоғаммен байланыс саласында мамандықты қолдау мақсатында іс-шаралар өз деңгейінде жүргізіліп келеді. Түрлі байқаулар, сыйлықтар PR-мамандарының дамып, кәсіби өсуіне мотивация жасайды. Тәжірибе алмасып, бәсекіlestікті қалыптастыруға мүмкіндік береді. Осы орайда компаниядағы ішкі PR-дың маңызы зор. Компанияның ішіндегі коммуникация өз деңгейінде болмаса, жұмыс өнімсіз, компанияның беделі төмен болады. Сондықтан да алғашқы қадам компанияның ішіндегі PR-ды дамытудан басталуы тиіс. Ішкі PR қызметкерлер арасында тиімді коммуникация орнатуға бағытталған іс-шаралар, компанияның қызметкерлер алдындағы имиджі. Ішкі коммуникация тиімді болса, қызметкерлер жұмыстарын қызығушылықпен атқарады.

Ішкі коммуникацияның мақсаты – кері байланыс орнату, ақпараттандыру, өнімді арттыру. Ішкі коммуникация тиімді болу үшін қызметкерлерге компаниядағы болып жатқан маңызды мәселелердің барлығынан тұрақты ақпарат беру, қызметкерлерді компанияның күнделікті өміріне араластырып, барлық бөлімдегі қызметімен таныстыру, компанияның құндылығын сезіндіру қажет. Қызметкерлердің көңіл-күйін анықтап, ынталандыру қажет.

Ішкі коммуникацияның құралдарына интранет, корпоративтік басылымдар, тимбилдинг, корпоративтік іс-шаралар, ақпараттық тақталар, ішкі байқаулар, жарыстар, басшының ұжым мүшелерімен жиі кездесіп, пікір алмасуы, ішкі жаңалықтар жатады.

Кәсіби білікті ұжымдық топ бүгінгідей қатаң бәсекіlestік кезеңінде табысты бизнестің кепілі. Ұжымдық ашық, жағымды қарым-қатынасты қалай орнатуға болады деген сұрақ туа қалса, ауызға ең алдымен команда құрудағы тиімді құрал - тимбилдинг оралады. Ағылшын тілінен аударғанда “team building” – “команда құру” дегенді білдіреді. Ұжымды біріктіріп,

* Автормен байланыс. Тел.: +7-701-993-9007; Факс: +7-727-377-3443. E-mail адресі: bayimbetov.berdak@sdu.edu.kz

ынтымақтастыруға арналған корпоративтік демалыс – тимбилдингті тек сауатты қолданғанда ғана нәтижесін көруге болады. Тимбилдинг немесе топтық тренинг барысында командалық машықты дамытуға арналған көптеген тәжірбиелік жаттығулар менеджмент саласында күзіреттілік қалыптастырады.

Тимбилдингтегі көптеген жаттығулар жеке қатысушының кедергіні жалғыз өзі жеңе алмайтындай, ұжымның нақты, ойластырылған іс-қимылы ғана табыс кілті болатындай түрде жасалған. Тимбилдинг барысында команданың мүшелерінде ептілік, өзгеріп тұрған оқиғаға тез бейімделушілік, төңірегіндегілерге түсіністікпен қарау, қажет кезінде илігіп, келісімге келу сияқты қасиеттер қалыптасады. Түрлі дене жаттығулары да пайдалы. Үздіксіз үрдіс болып саналатын тимбилдинг команданы құрудың негіздерін үйретеді. Команданың даму кезеңдері бар. Тиімді команданы бұйрық беріп басқару мүмкін емес. Тимбилдингтің тренингтерінен өту барысында мекемедегі кәсіби білікті мамандар тұрақталып, ішкі келіспеушіліктер азаяды, психологиялық қысым сейіледі. Бүгінде тимбилдингті корпоративтік іс-шаралар өткізетін фирмалар ұйымдастырады.

Командалық хартия – келісімдер жиынтығы. Онда команданың қалауы, мақсаты, маңызы және ұжымның бірлескен іс-әрекеті анық жазылады. Мекеменің құндылығы мен миссиясы командалық хартияның негізгі өзегін құрайды. Миссия команданың қызметін анықтап, оның маңыздылығын түсіндіретін әрі мақсат қоюда және стратегияны анықтауда негізгі бағдар беруші құжат. Ұжымдық нормалар – команда мүшелері үшін негізгі мінез-құлық тәртіптері.

Корпоративтік іс-шараларды өз деңгейінде ұйымдастырып, өткізу ұжымның корпоративтік рухын көтеруге ықпал етеді. Қызметкерлердің арасында еркін, түсіністікке негізделген қарым-қатынас қалыптастырады. Алдымен корпоративтік іс-шараны жүргізудің Ережесін, нақты жоспар және бюджетті жасау қажет. Жалпы шығын аз кету үшін ішкі ресурстарды барынша тартып, қолданған жөн. Ішкі корпоративтік сайтта шара туралы ақпарат беру арқылы қызметкерлердің пікірін білу, іске жауаптыларды көбірек тағайындау қажет. Мамандар өткізілетін шараны жоба түрінде көрсетуді ұсынады. Өткізілген іс-шараның тиімділігі бюджеттің үнемделуінен, кері байланыстың орнауынан, қызметкерлердің бір-бірімен ортақ тіл табысуынан көрінеді.

Корпоративтік басылымдар корпоративтік мәдениетті қалыптастыруға, мекеменің ішкі коммуникациясын орнатуға, бақылауға ықпал ететін бірден-бір құрал болып табылады. Бұндай басылымдар тұтынушыларға да, компанияға жаңадан келген қызметкерлерге де мекеме қызметі туралы ақпарат береді.

Қазіргі таңдағы жетекші – бұйрық беріп, оның орындалуын бақылаумен шектелмейді. Өзі басқаратын ұжымда жағымды орта туғызып, қызметкерлерді жұмысқа ынталандыру қажет. Ішкі PR-ды ойлайтын ең алдымен компания басшысы болуы керек.

Ішкі PR-ды қалыптастырудағы жиі кездесетін қателіктердің бірі – қызметкерлерге аса қажетті ақпараттың толық берілмеуі. Жақында «Kaspi банкке» қатысты оқиға бұған айқын дәлел. Банк бөлімшелерінде отырған менеджерлер салымшыларға орын алған жағдайды түсіндіріп бере алған жоқ. Банктің беделіне нұқсан келтіріп, салымшылардың сенімін жоғалтуға бағытталған қасақана іс-әрекет екендігін білмеген халық банк бөлімшелерінде депозиттерін алу үшін кезекке тұрып, біраз әуре-сарсаңға түсті. Банк басшылығы тұтынушыларға түсіндіру жұмыстарын жүргізу үшін қажетті сұрақ-жауап парақшаларын, брошюралар мен баспа өнімдерін шығаруы тиіс еді. Жедел әрі бұқаралық ішкі PR-науқан ғана банк салымшыларына сенім ұялататын еді.

Қазақстанда PR-шы клубы PR Форумы аясында корпоративтік басылымдардың байқауын жариялап келеді. Байқауға ішкі корпоративтік басылымдар мен сыртқы тұтынушыларға арналған баспа және электронды корпоративтік басылымдар қатыса алады. Соңғы жылдары осы байқауда үнемі алдыңғы қатардан көрініп жүрген «Kaspi банктің» корпоративтік журналында да

кемшіліктер көп. Журнал тек сыртқы тұтынушыларға арналған. Алайда қазақ тіліндегі нұсқасы сіреспе аударма екендігін айту қажет.

Әлеуметтік желілерден ақпарат алу дамып отырған қазіргі кезеңде екі жақты коммуникация орнатуға аса ыңғайлы корпоративтік сайттардың артықшылығы көп. Біріншіден, онда материалдардың саны шектелмейді. Екіншіден, әлемнің кез келген нүктесіне ақпарат жеткізуге, ақпараттарды жаңартып тұруға мүмкіндік бар. Бұл сайттар арқылы компанияның қызметі, құрылымы, тауарлары туралы ақпараттар алуға болады. PR мамандары бұл сайттар арқылы әртүрлі қоғамдық топтармен жұмыс істейді. Корпоративтік сайт сауатты жасалса, тұтынушылардың сатып алу туралы шешім қабылдауына ықпал етеді. Корпоративтік сайтта компанияның миссиясы, жаңалықтар, құрылымы, тауарлардың сипаттамасы, қызметкерлер және байланыс ақпараттары болады.

Компаниялар ақпараттық себеп табу, оны бұқаралық ақпарат құралдарына ұсынуды меңгеруде. Осы орайда кейбір мекемелер қоғаммен байланыс қызметін өзге агенттікке сеніп тапсырады. Компанияның аутсорсингтік агенттікті жалдауына әр түрлі жағдайлар ықпал етеді. Жалпы, компанияның нарықта табысты қызмет етуі, имиджінің көтеріліп, беделінің қалыптасуы, тауары мен қызметінің өтімділігі PR-маманының компаниядағы рөлімен тікелей байланысты. Егер, компаниядағы қызметкерлердің PR-саласында арнаулы білімі болмаса әрі компания ішінде PR-міндетті шешетін мүмкіндік болмаған жағдайда аутсорсингтік компанияны жалдауға тура келеді. Осы мәселеге байланысты зерттеуші мамандардың пікірі әртүрлі. Бірі агенттіктің қызметін төмен бағалап, жұмысты сапасыз орындайды, бақылау мүмкіндігінен айырылу қаупі бар десе (Домбай, 2009), екінші бір мамандар керісінше агенттік жұмысты өте сапалы әрі жедел орындап, тиімді нәтижеге жеткізеді деген пікір айтады (Горкина, Мамонтов, Манн, 2005).

Ішкі PR-қызметі компанияның ұйымдастыру мәдениетіне бағытталған. Қазіргі таңда Қазақстанда қоғаммен қарым-қатынас орнатудың түрлері дамып келеді деуге толық негіз бар.

Әдебиеттер тізімі

- Домбай К. Казахстанский PR без понтов или как поднять компанию без рекламы. Алматы, 2009. – 66 с.
- Горкина М., Мамонтов А., Манн И. PR на 100%. М., 2005. – 101 с.

VI Халықаралық конференция

VI секция-МӘДЕНИЕТТЕР ТОҒЫСЫНДАҒЫ ТҮРКІТАНУ ҒЫЛЫМЫ: ЖЕТІСТІКТЕРІ, ЖАҢА КӨЗҚАРАСТАР

1. Findley C. - Building bridges among civilizations: the Turks in world history. From bridges to buses, caravans, and carpets	205
2. Kurmanali Çakıroğlu A. - Türkçe dil bilgisi öğretiminin sorunları ve çözüm önerileri	213
3. Nevskaya I., Tazhibayeva S. - Sociolinguistic situation of Turkic ethnicities in Kazakhstan	219
4. Sadıkbekov K. - Melük kıpçak eserlerinin lehçe özellikleri	227
5. Yurdakul A., Schnieder E. - Methodological resolutions for semantic problems in Turkish navigation terminology	236
6. Arbatlı S., Kabataş Ö. - Kültürel etkileşimin diaspora halkların edebiyat ve kültür araştırmalarına olumsuz etkisi: karaçay-malkar türklere örneği	243
7. Arslan H. - Tanpınar'ın Bursada zaman şiirindeki "eski" sözcüğünün metinlerarası bağlamda sözcük anlambilim açısından incelenmesi	256
8. Ауелбекова III. - Münyetü'l-gûzât'ın dili hakkında bir deneme	269
9. Зейнолла Ж., Қойбақова А. - Түркі өркениетінің қазақ этнопедагогика тәрбиесіндегі бесік жырының мәні	275
10. Шахин З. - Женская страница классической турецкой литературы	280
11. Колбаева М. - Toktogul'un sanatı Türk Dünyasında	286
12. Мұса Б. - Құжаттар, өнім орамаларындағы жазулар мен жарнамалардың қазақ тіліне аударылуы барысында жіберілген синтаксистік қателер	289
13. Shadkam Z. - Kazak ve türk kültüründe kadın kavramı	299
14. Berikbolova P. - Eski kazak edebiyatının siniflandırılmasına dair tartışmalar	303
15. Ağgün K. - Kırgızistan Cumhuriyeti'nde Türkiye türkçesi öğretim merkezi	309

VII секция

ҚОҒАМНЫҢ АҚПАРАТТАНУЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИА МЕН ДӘСТҮРЛІ ЖУРНАЛИСТИКАНЫҢ РӨЛІ

1. Nechyropuk A. - Philosophical problems in the modern Ukrainian informational space (on the example of the socio-political newspapers «Dzerkalo tyznya», «Den», «Ukrainskiy tyzden»)	314
2. Tokbergenova B. - Media coverage of Kazakhstan's image projects by the BBC and Guardian	320
3. Несипбекова М. - Сахна тіліндегі просодикалық тәсілдер	324
4. Кадирова Ф. - Қазақ газет мәтіндегі ұлттық фреймдердің қолданысы жайында	328
5. Bayimbetov B. - Measurement of Public Relations' effectiveness	333
6. Nogaybayeva Zh., Alim A., Saudbayev M. - Innovative educational technologies and methods of implementation	337
7. Баймолда Д., Рахат А. - Журналистика саласына қатысты сөздік жасаудың маңызы	343
8. Әбдиева Р., Омарова Б., Ташбаев А. - Ұлт қайраткерлері мен қазақ кітаптары туралы	348
9. Әлімжанова А., Аскар А. - Білімді графикалық тәсілдер арқылы ұсыну жолдары	351
10. Досжанова Қ., Тұрсын Қ. - БАҚ және қоғам	356
11. Есхуатова Н., Саудбаев М. - Структура произведений в публицистике Мухаммед-Салиха Бабаджанова	360
12. Тұрсын Қ. - Жаңа ақпараттық кеңістік	365
13. Құрманбаева А., Кәпқызы Е. - Қазақстандағы электронды БАҚ	368
14. Шыңғысова Н., Байымбетов Б. - Қазақстандағы ішкі PR-қызметі	371
15. Бектурсун Б., Ахмет Р. - Проблемы художественного билингвизма и авторские переводы Ч. Айтматова	376
16. Мамышева Ж., Тұрсын Қ. - Язык и стиль, другие виды журналистского мастерства в публикациях информационных жанров в газете «Вечерний Бишкек»	380
17. Халилов А., Ташбаев А. - Журналистика Кыргызстана и властные структуры	387

VIII секция-МӘДЕНИЕТТЕР ТОҒЫСЫНДАҒЫ КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1. Норақ М. - Benlik eğitimi	385
2. Асанбаева С., Озғамбаева Р. - Қазақстан болашағы-зияткер ұлт қалыптастыруда көптілді білім беру инновацияларын дамыту мәселелері	393
3. Смагулова А. - Подготовка современных полиязычных специалистов в образовательном пространстве	397

VI Халықаралық конференция

Ғылыми басылым

**«МӘДЕНИЕТТЕР ТОҒЫСЫНДАҒЫ ТІЛ, ӘДЕБИЕТ АУДАРМА ЖӘНЕ
ЖУРНАЛИСТИКА МӘСЕЛЕЛЕРІ»**

атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

24 сәуір 2014 жыл

Басуға 15.04.2014 жылы қол қойылды. Пішімі 175x250 1/8. Көлемі 24 б.т.

Офсетті қағаз. Сандық басылыс. Тапсырыс № 0047. Таралымы 250 дана. Бағасы келісімді. Print
World баспасы.

050040, Алматы қаласы, Наурызбай батыр көшесі, 68.

«Print World» баспаханасында басылды